

\*Сейдина М.З.<sup>1</sup>, Сейдина Б.З.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық спорт университеті

<sup>2</sup>Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті

<sup>1</sup>Қазақстан, Астана

<sup>2</sup>Қазақстан, Арқалық

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9106-9147>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-0870-5931>

\*seidina.moldir@gmail.com

## АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА – БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

### *Аңдатпа*

Мақалада авторлық бағдарламаны әзірлеудің өзектілігі мен оны өндірістегі сұранысқа сәйкес дайындаудың маңызы қарастырылады. Мұндай бағдарламаларды болашақ педагог кадрлардың кәсіби бағыттылығын ескере отырып жасаудың мәні мен қажеттілігі негізделеді.

Авторлар Web of Science және Scopus халықаралық деректер базасында жарияланған ғылыми еңбектерге сүйене отырып, авторлық бағдарламаларды мазмұндық және әдістемелік бағыттары бойынша төрт топқа жіктейді: 1) Түпнұсқалық (төларалық); 2) Стандарттарға сәйкестік; 3) Практикалық бағыттылық; 4) Икемділік. Білім беру саласы бойынша алыс және жақын шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде авторлық бағдарламаны Oxford University Press және Passport «Euromonitor International», Б.Н. Ельцин атындағы президенттік кітапхана, Polpred, eLibrary, Google Scholar, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы, Nauka.kz платформасы бойынша талдау жасап, жоғары білім беру жүйесінде қолданылатын авторлық бағдарламалар мен әлемге танымал табысты авторлық бағдарламаларды жіктейді.

Еліміздегі сараптамалық кеңес туралы ереженің авторлық бағдарламаға қойылатын өлшемдерін толеранттылықтың компоненттерімен байланыстырып, аталған өлшемдер бойынша Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті мен Ж. Ташенев атындағы университетте оқитын 4-курс студенттеріне сауалнама жүргізеді. Сауалнамаға «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «Мектепке дейінгі білім беру», «Психология» мамандықтары бойынша 202 студент қатысады. Сауалнама барысында анықталған мәселелерді шешу мақсатында болашақ педагогтердің авторлық бағдарламаны әзірлеу тетіктерін «Сараптамалық кеңес туралы» Ереженің талаптарына сәйкес қарастырып, ұсыныстар берілді.

*Түйінді сөздер:* толеранттылық, түсіну, өзара түсіну, ынтымақтастық, авторлық бағдарлама, құрал, болашақ педагог.

***Кіріспе.*** Қазақстан Республикасының жоғары білім саласы халықаралық білім беру кеңістігімен ықпалдасуы нәтижесінде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыс жүргізе бастады. Бұл әр саладағы инновацияға серпін беріп, білім бағдарламасын өндірістің сұранысына сәйкес мамандардың әлеуетін арттырады. Орта білім беру саласына болашақ педагогтерді даярлауда білім беру бағдарламалары педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары негізінде әзірленеді.

Аталмыш құжатта мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптарға сәйкес лауазымдық міндеттерді келесідей көрсетеді [1]: білім беру ортасы жағдайында педагогтердің, ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің психологиялық-педагогикалық мәдениетін қалыптастырады және білім беру процесіне қатысушылар арасында толеранттылықты қалыптастыруға ықпал етеді.

Болашақ педагогтердің орта білім беру саласына жұмысқа орналасуы жоғарыда берілген лауазымдық міндеттерге сәйкес құзыреттілік критерийлері (кәсіптік құндылықтар, кәсіптік білім, білім беру/оқыту және тәрбиелеу тәжірибесі, кәсіптік даму) арттыру қағидаты негізінде құрылымдалған педагогтердің біліктілік санаттары (педагог-тағылымдамашы/педагог, педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер) бойынша жүзеге асырылады.

Сонымен қатар «Педагог мәртебесі туралы» Заңдағы 7-бапта келесідей көрсетілген [2]: «тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық

бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға құқықтары бар».

Бұл болашақ педагогтердің өндірістегі талаптарға сәйкес бәсекелестікке қабілетті болуы тек қана кәсіптік біліміне ғана емес, сонымен бірге ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге, біліктілік санатының мерзімінен бұрын алуына байланысты екенін көрсетеді.

«Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауында мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев: «Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық», - деп педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек екендігін анықтап берді [3].

Болашақ педагогтердің толеранттылығын қалыптастырудың тиімді құралы ретінде авторлық бағдарламаны мамандық бағытына сәйкес әзірлеу өндірістік талаптарға байланысты өзекті болып отыр. Себебі, болашақ педагогтердің мектептегі кәсіби қызметінде олардың мамандығына деген қызығушылығы мен жауапкершілігі педагогикалық тәжірибе барысында айқын көрінуі тиіс.

Web of Science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) халықаралық деректер базасында жарияланған ғылыми жарияланымдарда авторлық бағдарламаны 80 жылдың ортасынан 90 жылдың аяғына дейін құқықтану, дипломатия, журналистика, медицина бағыттарында кеңінен қарастырса, соңғы 10 жылда цифрландыру бағыттарында жиі кездеседі. Әсіресе, авторлық бағдарлама әзірлеу кезіндегі «авторлық құқық», «авторлық келісім», «авторлық ұстаным», «авторлық концепция» ұғымдарына мән берілсе, журналистика саласындағы авторлық бағдарламаның бағыттары мақсатына сәйкес әртүрлі жағдаяттарда өзгерістерге ие болатындығы, медицинада ең көп зерделенген бағыты психиатрия, ал білім беру бағытында «бағдарлама» ретінде Erasmus+ бағдарламасы зерттелуі бойынша алғашқылардың қатарынан орын алады.

Жоғарыда берілген халықаралық деректер базасында *авторлық бағдарламаны* мазмұндық және әдістемелік бағыттарына сәйкес 4 шеңберде топтастырдық:

*Түпнұсқалық (төларалық)* – бірегей әдістер мен тәсілдерден, жұмыс формалары бар бағдарлама;

*Стандарттарға сәйкестік* – мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес келетін және балама жолдарын ұсына алатын бағдарлама;

*Практикалық бағыттылық* – нақты қажеттіліктерді ескеретін және жобалық іс-әрекетте пәнаралық байланысты қамтитын бағдарлама;

*Ікемділік* – жүзеге асыру нәтижелеріне байланысты өзгерістер мен бейімделулерге мүмкіндік беретін бағдарлама.

Ал, *толеранттылық құрал ретінде* халықаралық деректер базасында ғылымдардың бағыттарына сәйкес 3 шеңберде топтастырылады:

*Әлеуметтік тұрақтылық құралы* – көп ұлтты және мәдениетті қоғамдарда толеранттылық әртүрлі көзқарастары, діндері мен өмір салты бар адамдардың бейбіт өмір сүруі. Мысалы, шиеленістерді алдын алу, азаматтық бейбітшілікті нығайту, демократияны дамыту т.б.

*Педагогикалық құрал* – білім алушылардың жасын, ерекшеліктерін, ұлтын, дінін құрметтеу. Мысалы, білім алушылардың эмпатиясын қалыптастыру, қауіпсіз оқу ортасын құру, сыни ойлауды дамыту және басқа көзқарастарға құрметпен қарау т.б.

*Жеке өсу құралы* – адамның жекелей немесе тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес дамуы. Мысалы, көкжиектің кеңеюі, агрессия мен мазасыздықты азайту, байланысты жақсарту т.б.

Болашақ педагогтердің толеранттылығын қалыптастырудың құралы ретінде авторлық бағдарламаны халықаралық деректер базасында білім беру бағыты бойынша 3 шеңберде топтастырдық:

- қолайлы білім беру ортасын құру құралы ретінде толеранттылық болашақ педагогтердің эмоционалды қауіпсіздігіне, пікірлердің ашықтығы және көзқарастардың әртүрлілігіне, әр түрлі мәдени, этникалық, діни, әлеуметтік және гендерлік ерекшеліктері бар білім алушыларға қолдау көрсетуге ықпал етеді;

- мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту құралы ретінде толеранттылық болашақ педагогтердің ортасында мәдениетаралық диалогты дамыту, жаһандық ойлауды қалыптастыру, тұлғааралық деңгейде кемсітушілік пен қақтығыстардың алдын алуға көмектеседі;

- азаматтық және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру құралы ретінде толеранттылық болашақ педагогтерді белсенді азаматтық ұстанымға тәрбиелеуге, заңдар мен адам құқықтарын құрметтеуге, диалог жүргізу және топта жұмыс істеу қабілетін дамытады.

**Әдістер мен материалдар.** Білім беру саласы бойынша алыс және жақын шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде авторлық бағдарламаны нақты тақырып, әдіс және технология бойынша негіздейді. Біз болашақ педагогтерге тәжірибені жүргізетін болғандықтан жоғары білім беру жүйесіндегі педагогика мамандықтарына арналған табысты авторлық бағдарламаларды келесідей көрсетеміз (1-кесте).

1-кесте. Жоғары білім беру жүйесінде қолданылатын авторлық бағдарламалар

Автордың аты-жөні	Авторлық еңбектердің жиыны	Жаңалық	Құндылық
Герман Константинович Селевко	Заманауи білім беру технологиялары	Педагогикалық технологияларды жүйелі түрде жіктеуі	Оқыту технологияларын мақсатқа, аудиторияға және пән ерекшелігіне сәйкес тиімді құруға мүмкіндік береді
Вадим Макариевич Монахов	Педагогикалық жүйелерді жобалау әдістемелері	Педагогикалық жобалаудың кезеңдерін келесідей айқындауы: диагностика, мақсат, мазмұн, әдістер, құралдар және бағалау	Зерттеу және жобалық бағыттағы оқу курстары ғылыми негізде ұйымдастыруға жағдай жасайды
Георгий Петрович Щедровицкий	Әдістемелік мектеп	Білім беру жүйелері мен бағдарламаларын жобалау тұжырымдамасын ұсынуы	Метапәндік және пәнаралық курстарды әзірлеудің әдіснамалық негізін қалыптастырады

Дереккөз: авторлардың зерттеу деректері негізінде құрастырылған.

Жоғарыда берілген авторлардың ғылыми еңбектерін педагогикалық тәжірибеде қолдану барысында біз болашақ педагогтерге мамандығына деген қызығушылықпен қатар кәсіби жауапкершілікті сезіндіре алдық.

Біздің қарастырып отырған тақырыбымыздың аясында жарияланған ғылыми материалдарды базаларға сәйкес әлемге танымал болған авторлық бағдарламаларды келесідей талқыладық. *Oxford University Press және Passport «Euromonitor International»* дереккөздеріне сүйенсек, әлемдік педагогикада авторлық бағдарламалар тұлғаны дамытуға бағытталған гуманистік идеялар негізінде қалыптасқан. Атап айтқанда, Мария Монтессоридің (Италия) мектепке дейінгі және бастауыш білім беру бағдарламасы баланың жеке басын құрметтеу, дербестік пен қоршаған ортадағы толеранттылықты дамыту идеясына негізделеді. Рудольф Штайнердің (Австрия) вальдорф педагогикасы еркін және үйлесімді тұлғаны қалыптастыруды көздесе, Джон Дьюидің (АҚШ) прагматикалық педагогикасы оқытуды жобалау мен іс-әрекет арқылы ұйымдастыруға басымдық береді. Ал, Пауло Фрейренің (Бразилия) сыни педагогикасы сыни ойлау мен әлеуметтік әділеттілік мәселелерін алдыңғы қатарға қояды. Говард Гарднердің (АҚШ) көпсалалы интеллект теориясы оқытуды дараландыруға бағытталған авторлық бағдарламалардың теориялық негізін көрсетеді.

Жоғарыда аталған шетелдік авторлық бағдарламалар білім алушылардың тұлғалық дамуын, еркін ойлауын және әлеуметтік жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталғанын

көрсетеді. Бұл бағдарламалар қазіргі білім беру жүйесінде толеранттылық, дербестік және шығармашылықты қалыптастырудың әмбебап үлгілерін ұсынады.

Осы идеялар педагогикалық ғылымдағы классикалық теориялармен өзара сабақтасып жатыр. *Б.Н. Ельцин атындағы Президенттік кітапхана, Polpred, eLibrary және Google Scholar* дерекқорларында ұсынылған еңбектерде Л.С. Выготскийдің тұлғалық тәсілдемесі мен жақын даму аймағының маңыздылығы, В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Д.Б. Элькониннің балаларды дамыту және ойын арқылы оқыту тұжырымдары кеңінен талданған. Сонымен қатар, Ш.А. Амонашвилидің адамгершілік-тұлғалық тәсілдемесі мен Е.Н. Ильиннің оқытудағы мотивацияға қатысты идеялары авторлық бағдарламалардың психологиялық-педагогикалық негізін көрсетеді. Бұл аталған ғылыми еңбектер авторлық бағдарламаларды әзірлеуде тұлғалық даму, мотивация және әрекетке негізделген оқыту қағидаларының шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Бұл тұжырымдар шетелдік тәжірибемен мазмұндық жағынан үйлесін табады.

Аталған теориялық бағыттар Қазақстандық педагогикалық тәжірибеде де көрініс табуда. *Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы мен Nauka.kz* дерекқорларында қазақстандық ғалымдардың «авторлық ұстаным», «авторлық тұжырым», «авторлық концепция», «авторлық модель» ұғымдарын ғылыми жобаларда кеңінен қолданғаны анықталған. Қазақстанда авторлық жұмыстар мамандық бағыттарына сәйкес педагогикалық тәсілдемелерге, технологиялар мен әдістерге негізделіп әзірленеді. Соңғы жеті жылда орта білім беру саласында жаңартылған білім беру мазмұны аясында, әсіресе мәдениетаралық тәрбие мен рухани-адамгершілік даму контекстінде авторлық бағдарламаларға қызығушылық айтарлықтай артты. Сонымен 2000 жылдардың басында педагогикалық технологиялар жүйелі түрде қарастырылса, соңғы бес жылда авторлық бағдарламаларға цифрлық технологиялар мен құралдарды кіріктіру үрдісі айқын байқалады. Бұл қазақстандық тәжірибенің әлемдік педагогикалық үрдістермен үндес дамып келе жатқанын көрсетеді.

Жеке тұлғаның кәсіби толеранттылығына бағдарланудың үш түрін Н. Бондаренко, Н. Черепания, Д. Малец, М. Клепар, Н. Матвеева келесідей зерделеді [4]: интертолеранс (төзімділіктің сыртқы түрі), толеранттылық (төзімділіктің ішкі түрі), толеранттылықтың теңдестірілген түрі (толеранттылық пен төзімділіктің айқын үйлесімі). Ал, сұхбаттар мен рефлексиялардан алынған сапалы деректерден толеранттылық деңгейінің өсуі мен ерекше қажеттіліктері бар балалармен қарым-қатынастағы толеранттылықты дамытудағы азаматтық белсенділікті О. Петришина., О. Косович және И. Тымкив біріктірудің тиімділігін көрсетеді [5].

Болашақ педагогтердің табысты қызметіндегі әлеуметтік қызығушылық пен стресске төзімділігінің рөлін зерттеп, олардың кәсіби талаптар ретіндегі рөліндегі толеранттылық қасиетінің маңыздылығын З. Стойкова айқындады [6].

Сонымен, авторлық бағдарлама – автор немесе біріккен авторлардың озық тәжірибелерінде инновациялық әдістер мен заманауи тәсілдемелерге негізделген бағдарламасы. Ол білім алушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сәйкес нақты мақсатта оқытудың жаңа әдістерін ескеріп, қолданыстағы оқу бағдарламаларын толықтырады немесе алмастыра алады.

Авторлық бағдарлама болашақ педагогтерде әдістемелік тұрғыдан оқу іс-әрекетінде этика, адам құқықтары, мәдениет тақырыптары бойынша пікірталастар мен сайыстар, әр түрлі көзқарастары бар білім алушылардың қатысуымен жобалық іс-шаралар, интерактивті әдістер (рөлдік ойындар, кейстер, модельдеу) қолданып, оқу пәндерінде интеграциялау нәтижесінде ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады.

Елімізде авторлық бағдарламаны әзірлеуде заманауи педагогикалық тәжірибенің материалдарын сараптау нәтижесінде қазақстандық білім беру моделінің мәселелерін инновациялық процестерді қолдау және бағыттау, білім беру ұйымдарының инновациялық қызметінің деңгейін бағалау ретінде Сараптамалық кеңес туралы ережеге сүйенеді [7].

Болашақ педагогтерге авторлық бағдарламаны әзірлеуде толеранттылықтың келісі компоненттерімен (түсіну, өзара түсіну, ынтымақтастық) шешу көзделді [8].

Сараптамалық кеңес туралы ереженің авторлық бағдарламаға қойылатын өлшемдерін [7, 76.] толеранттылықтың компоненттерімен [9] байланыстырдық (2-кесте).

2-кесте. Авторлық бағдарламаға қойылатын өлшемдер мен толеранттылық компоненттердің өзара байланысы

Авторлық бағдарламаны әзірлеуге қойылатын өлшемдер	Толеранттылық компоненттері және сипаттамасы
<i>Түсіну компонентті</i>	
Өзектілік	авторлық бағдарламаны мемлекеттік басымдықтармен байланысын, оның модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деңгейін, және білім беру жүйесіндегі аналогтар мен өзгерістер ауқымын түсіну
Ғылыми-әдістемелік	бағдарламаның ғылыми-әдістемелік негіздерінің айқындығын және қолданылатын әдістердің негізділігін түсіну
Жаңашылдық	ұсынылған идеялардың жаңалығы мен білім беру тәжірибесіндегі ерекшелігін түсіну
<i>Өзара түсіну компонентті</i>	
Ғылымилық	жаңа білім беру парадигмасына сәйкестігін, нәтижелердің әдіснамалық негіздермен өзара байланысын және ұсыныстардың қисындылығын өзара түсіну
Ішкі бірлікті бағалау және әдіснама	мақсат, мазмұн, әдістер мен нәтижелер арасындағы өзара үйлесімділікті түсіну
Нәтижелер мен дәйектілік	ғылыми тұжырымдар мен қорытындылардың дәлелділігі мен логикалық бірізділігін түсіну
Практикалық маңыздылық	бағдарламаны білім беру тәжірибесіне енгізу мүмкіндіктерін түсіну
<i>Ынтымақтастық компонентті</i>	
Аралық және қорытынды нәтижелер	апробациялау формалары мен тәсілдерін бірлесе қолдану, нәтижелерді ұсынуға өзара әрекет
Рәсімдеу	авторлық бағдарламаны рәсімдеу талаптарын бірлесіп сақтау
Қорытындылар мен ұсыныстар	бағдарламаны жүзеге асыру мен таратудағы бірлескен іс-әрекет


Дереккөз: авторлардың зерттеу деректері негізінде құрастырылған

Жоғарыда көрсетілген өлшемдер бойынша Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті мен Ж. Ташенев атындағы университетте оқитын 4 курс студенттеріне сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «Мектепке дейінгі білім беру», «Психология» мамандықтары бойынша 202 студент қатысты (1-сурет).

Зерттеу барысында қолданылған сауалнама келесідей мазмұндық блоктардан тұрды: жұмыстың өзектілігі, ғылыми-әдістемелік деңгейі, жаңашылдығы, ғылымилығы, ішкі бірлікті бағалау және әдіснамасы, нәтижелер мен дәйектілігі, практикалық маңыздылығы, аралық және қорытынды нәтижелері, рәсімдеу талаптарына сәйкестігі және қорытындылар мен ұсыныстар. Сауалнамада дихотомиялық жауап шкаласы («иә» / «жоқ») қолданылды.

Сауалнаманың нәтижесінде «Өзектілік» өлшемі бойынша студенттердің 41%-ы «иә», 59%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Ғылыми-әдістемелік» деңгейі бойынша 37%-ы «иә», 63%-ы «жоқ» деп жауап берген. Ал, «Жаңашылдық» деңгейі бойынша 34%-ы «иә», 66%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Ғылымилық» өлшемі бойынша 33%-ы «иә», 67%-ы «жоқ» деп жауап берген. «Ішкі бірлікті бағалау және әдіснама» өлшемі бойынша 42%-ы «иә», 58%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Нәтижелер мен дәйектілік» деңгейі бойынша 29%-ы «иә», 71%-ы «жоқ» деп жауап берген. «Практикалық маңыздылық» өлшемі бойынша 25%-ы «иә», 75%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Аралық және қорытынды нәтижелер» өлшемі бойынша 27%-ы «иә», 73%-ы «жоқ» деп жауап берген. «Рәсімдеу» өлшемі бойынша 19%-ы «иә», 81%-ы «жоқ» деп жауап берсе,

«Қорытындылар мен ұсыныстар» өлшемі бойынша 15%-ы «иә», 85%-ы «жоқ» деп жауап берген. Бұл сауалнаманың нәтижесі келесі мәселелерді толеранттылық компоненттерімен байланыстыруға көмектесті.



1-сурет. Студенттерге жүргізілген сауалнаманың нәтижесі (бастапқы кезең)


Дереккөз: авторлардың зерттеу деректері негізінде құрастырылған

2-кестеде берілген болашақ мамандардың толеранттылығын қалыптастыруда авторлық бағдарламаны әзірлеуге қойылатын өлшемдерін оқытушы мен студенттің арасындағы «түсінуде» келесідей мәселелерге қол жеткіздік: 1) жұмыстың өзектілігін жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік басымдықтармен байланыстыра алмау; 2) жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейінде модификациялық түрде жаңғырту, қалпына келтіру, комбинаторлық түрде жаңа сапаға әкелетін түрлі үйлесімділік, радикалдық түрде жаңашыл нәрсені ойлап таба алмау; 3) Жұмыстың жаңашылдық деңгейінде білім беру жүйесінде аналогтарды қала-аудан, облыс, республика, шетелдік бойынша бөле алмау.

2-кестеде берілген болашақ мамандардың толеранттылығын қалыптастыруда авторлық бағдарламаны әзірлеуге қойылатын өлшемдерін оқытушы мен студенттің арасындағы «өзара түсінуде» келесідей мәселелерге қол жеткіздік: 1) жұмыстың ғылымилығын жаңа білім беру парадигмасының философиясына, әдістемесіне, психологиясына және педагогикалық ғылым мен тәжірибенің соңғы жетістіктеріне сәйкестендіре алмау; 2) ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасында нәтижелердің әдіснамалық қисындылығын өзара байланыстыра алмау; 3) жұмыстың әрбір нәтижесінің, ғылыми жағдайының, түйіндері мен қорытындыларының негізділігі мен дәйектілігінің деңгейінде жағдаяттардан хабарсыз болу; 4) жұмыстың практикалық маңыздылығында ұсынылған жұмыстарды практикаға енгізу бойынша ақпаратпен қамтамасыз етілуі.

2-кестеде берілген болашақ мамандардың толеранттылығын қалыптастыруда авторлық бағдарламаны әзірлеуге қойылатын өлшемдерін оқытушы мен студенттің арасындағы «ынтымақтастықта» келесідей мәселелерге қол жеткіздік: 1) жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсынуда академиялық жазудан хабарсыз болу; 2) ресімдеу талаптарына сәйкестігінде «Сараптамалық кеңес туралы» Ережені білмеу; 3) жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстарда жариялау, бекіту бойынша ақпараттың болмауы.

Жоғарыда айқындалған мәселелерді шешу мақсатында біз болашақ педагогтердің авторлық бағдарламаны әзірлеудің механизмдерін «Сараптамалық кеңес туралы» Ереженің талаптарына сәйкес жүзеге асырдық (2-сурет).



2 сурет. Болашақ педагогтердің авторлық бағдарламаны әзірлеу механизмдері  
Дереккөз: авторлардың зерттеу деректері негізінде құрастырылған

Болашақ педагогтерді авторлық бағдарламаны әзірлеуге үйретуде қойылатын өлшемдерге (2-кесте) сәйкес әртүрлі тәсілдемелер, әдістер, технологиялар қолданылды. «Авторлық бағдарламаны әзірлеу жоспарын құру» механизмінде студенттер мамандық бағыттарына сәйкес келесі іс-әрекеттерді меңгерді:

- Авторлық бағдарлама тақырыбын дұрыс тұжырымдау. Студенттер өз қызығушылықтарына сәйкес тақырып таңдады, ол қысқа, семантикалық дәл болуы тиіс (сөздер саны 7-10 аралығында) және мамандық ерекшелігі мен білім алушылардың жас, дара ерекшеліктеріне сәйкес келді. Қысқартылған сөздер мен шетелдік тіркестер пайдаланылмады.

- Тақырыпқа сәйкес кілт сөздерді зерделеу. Студенттер халықаралық (Web of Science, Scopus) және қазақстандық базалардан ғылыми еңбектерді зерттеді. Іздеу, ақпаратты сақтау және сілтеме жасау ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

- Түсінік хатты жазу. Жинақталған материалдарға сүйене отырып, студенттер тақырыптарына сәйкес түсінік хат әзірледі. Онда нормативтік құжаттар мен ресми материалдарды қолданудың ерекшеліктері мен рәсімделу тәртібі көрсетілді.

- Сабақ қаңқасын құру. Әр студент тақырыбына сәйкес сабақ қаңқасын жасап, қолданылатын әдістер, технологиялар, тәсілдер мен құралдарды жүйеледі. Практика алдындағы қызығушылық пен ізденіс әсіресе цифрлық технологиялар мен құралдарға бағытталды.

- Қорытындыны жазу. Студенттер жинақталған материалдарды талдай отырып, тұжырымдар, ұсыныстар және жалпы қорытындылар жасады. Бұл ақпараттарды сұрыптау және түйіндеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

- Қосымша материалдарды жинақтау. Сауалнамалар мен диагностикалық тесттер тақырыпқа сәйкес сараланып, авторлық бағдарламаға қосылды.

«Авторлық бағдарламаны баспадан шығару үшін дайындау» механизмі бойынша студенттер мамандық бағыттарына сәйкес келесі іс-әрекеттерді меңгерді:

- Авторлық бағдарлама жобаларын талқылау. 4 курс студенттері практика алдындағы талдау семинарында бағдарламаларды ортаға салып, өзара талқылады және әріптестерінің ескертпелерін ескере отырып толықтыру мүмкіндігіне ие болды.

- Рецензиялау. Бағдарлама екі рецензентке, университет оқытушысына және практикаға баратын мектептегі жауапты педагогке берілді. Студенттер пікір жазу және алынған ескертпелермен жұмыстың мәнін түсіндіру процесінен өтті.

- Педагогикалық кеңеске ұсыну. Мектепке жұмысқа орналасқаннан кейін бағдарлама «Сараптамалық кеңес туралы» Ережеге сәйкес педагогикалық кеңеске ұсынылып, бекітуге берілуі тиіс екені түсіндірілді. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің рөлі мен хаттамаларды жүргізу тәртібі де студенттерге түсіндірілді.

- Библиографиялық индекстерді жоспарлау. Студенттерге әмбебап ондық жіктеу (ӘОЖ), кітапхана-библиографиялық классификация (КББ) және кітаптың халықаралық стандартты нөмірі (ISBN) бойынша ақпарат берілді. Ресми ақпарат көздері мен тіркеу, рәсімделу талаптары түсіндірілді.

- Авторлық бағдарламаны ресми түрде баспадан шығару. Студенттерге өңірлік баспаханалардан бағдарламаны шығару маңыздылығы, сондай-ақ электрондық және қағаз нұсқалардың сәйкестігі түсіндірілді.

*«Авторлық бағдарламаны іске асыру»* механизмі бойынша студенттер мамандық бағыттарына сәйкес келесі ынтымақтастық әрекеттерін орындады:

- Бағдарламаны тәжірибеден өткізу. Студенттер жинақталған сауалнамалар мен диагностикалық тесттерді практикаға енгізіп, нәтижелерін бірлесіп талдады. Бұл кезеңде олар сауалнамаларды жүргізу және қорытындылау тәртібін ынтымақтастықта меңгерді.

- Тақырыпты мектептегі педагогтермен талқылау. Практикалық педагогтер мен психологтер тәжірибелерімен бөлісіп, студенттермен кеңесе отырып, бір ғылыми мақала жазу жоспарын жасады. Студенттер ғылыми семинарлар мен конференцияларға мақала дайындау және баяндама жасау процесінде педагогтермен ынтымақтастықта жұмыс істеді.

- Бағдарламаны бағалау және түзету. Практика кезінде әр тақырып өткізілгеннен кейін студенттер білім алушылармен сұхбаттасып, бағалау диагностикасын жүргізді. Алынған нәтижелер мен практик педагогтердің ескертулері негізінде авторлық бағдарлама толықтырылып, баспадан шығаруға дайындалды.

- Республикалық деңгейде жариялау үшін ынтымақтастық. Ауылдағы практикадан өткен студенттер бағдарламаны аудандық кеңеске, ал ауданнан өткендер облыстық кеңеске ұсыну қажеттілігін білді. «Сараптамалық кеңес туралы» ережелер түсіндірілді, педагог шеберден тәжірибе алу маңыздылығы көрсетілді. Сонымен қатар ақпараттық карталарды толтырудағы маңызды аспектілер талқыланды.

4-курс студенттермен авторлық бағдарламаны әзірлеу барысында біз жобалау технологиясын қолдандық. Онда болашақ педагогтер зерделеу, коммуникативтік және кәсіби дағдыларды дамытты. Ол базалармен жұмыс жасау кезінде, авторлық бағдарламаның әдістерін таңдауда, оларды талқылау, семинарларды ұйымдастыру кезінде табысты болды. Проблемалық оқыту технологиясы авторлық бағдарламаның тақырыбына сәйкес кілтті сөздерді іздеуде, талдауда, дәлелдеуді қажет ететін сұрақтарды шешті. Студенттер практиканың алдындағы педагогикалық жағдайларды талдау мен практикадан келгеннен кейінгі сыни ойлаулары жағдаяттардың шешімдерін іздеуге көмектесті. Интерактивті технологиялар авторлық бағдарламаны талқылау кезінде диалог құру, ынтымақтастық орнату, белсенді қатысуда маңызды рөл атқарды. Студенттер бір-бірінің тақырыптарына сәйкес сұрақтарды пікірталастыруда қолданды. Авторлық бағдарламада сабақтардың мақсатына сәйкес нәтижесін көрсетуде студенттер модульдік оқыту технологиясын қолданды. Цифрлық технологияларды практика кезінде презентациялар, бейне дәрістер, интерактивті тесттер білім алушылардың қызығушылығын арттырды. Студенттер Moodle, Google Classroom, Canva, Kahoot, Quizizz, Padlet платформаларын жиі қолданды.

Болашақ педагогтермен авторлық бағдарламаны әзірлеуде толеранттылықтың түсіну компонентінде біз түсіндірме-иллюстрациялық әдісті қолдану арқылы авторлық бағдарлама


туралы, тақырып таңдау, оны жазу т.б. жаңа материалдарды презентациялар, схемалар, бейнелер негізінде түсіндірдік. Ал, репродуктивті әдісті сабақты жоспарлау, сабақты талдау кезінде студенттерге үлгі бойынша әрекеттерді қайталауда, дағдыларды қалыптастыруда орынды болды. Толеранттылықтың өзара түсіну компонентінде біз проблемалық әдісті практика кезінде шешімдердің жолдарын іздеуде қолдандық. Бұл студенттердің сыни және шығармашылық ойлауын дамытты. Сонымен бірге, эвристикалық әдісті кеңес беруде, рефлексия тапсырмаларды ұсынуда қолдануда, әсіресе авторлық бағдарламаға сабақ тақырыптарына сәйкес зерделеуде маңызды рөл атқарды. Толеранттылықтың ынтымақтастық компонентінде біз талқылау әдісін, кейс әдісін, портфолио және жобалау әдістері жүзеге асырылды. Студенттер педагогикалық жағдаяттарды талдауда, білімдерін практикада қолдануда, бірнеше салалардағы білімді біріктіруге және өзінің жетістіктерін, әзірлемелерін, рефлексияларын жинақтап талдауда өз орынын тапты. Бұл біздің жүйелік, бірізділік, толеранттылық, зерттеушілік тәсілдемелерін орынды қолданғанымыздың көрінісі болып табылады.

**Нәтижелер және оларды талқылау.** «Сараптамалық кеңес туралы» Ереже еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің ресми сайттарының 33%-ында ғана бар. Бұл өңірлердегі педагог-шебер санатындағы педагогтердің аз екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, республикамыздың білім саласына қатысты ашық сайттарда мектеп педагогтерінің жиі таңдалатын авторлық бағдарлама тақырыптарына талдау жүргіздік. 4-курс студенттері жалпы білім беретін мектептердегі мәселелерді анықталған тақырыптарға сәйкес тұжырымдады. Олар: Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын кітап оқу арқылы дамыту, дарындылық психологиясы, жылдам оқу, қазақ тілінің деңгейлік тапсырма жұмысы, оқу сауаттылығын мәтін арқылы дамыту, бейнелік оқыту әдісімен 1 сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту т.б.

Сонымен бірге қазақстандық педагогтердің авторлық бағдарламаларын келесідей топтастырдық: 1) Тәрбиеге бағытталған бағдарламалар. Мұнда білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту, құрмет, эмпатия, басқаларды қабылдау қарастырылған. Мұндай авторлық бағдарламалар сабақтан тыс, жоба ретінде ғана жүзеге асырылған. 2) Интегративті бағдарламалар. Мұнда білім алушылардың бірнеше пәндер шеңберінде оқу дағдыларын дамыту жоспарланған. Мұндай авторлық бағдарламалар стандартқа баламалы ретінде жүргізілген. 3) Жобалау-зерттеу бағдарламалары. Мұнда білім алушылар тәжірибе жүзінде жаратылыстану-математикалық бағыттарында қарастырылған. Мұндай авторлық бағдарламалар сабақта тиімді тәсілдермен жүзеге асырылған. 4) Тренингтік-практикалық бағдарламалар. Мұнда білім алушылар гуманитарлық-қоғамдық пәндерде қарым-қатынас, жанжалдарды реттеу, эмпатия дағдыларын қалыптастыру мәселелерінде қарастырылған. Мұндай авторлық бағдарламаларда рөлдік ойындар, тренингтер берілген. 5) Мәдени-ағартушылық бағдарламалары. Мұнда білім алушылар тақырыптық кездесулерде көрмелер, киноклубтар, фестивальдар ұйымдастырулар кезінде қатысқан. Мұндай авторлық бағдарламалар мерекелік шаралар кезінде ұйымдастырылған.

Болашақ педагогтердің толеранттылығын қалыптастыруда түсіну, өзара түсіну және ынтымақтастық компоненттері негізінде авторлық бағдарламаны әзірлеу жоғарыда көрсетілген механизмдерге (2-сурет) сәйкес жүзеге асырылып, эксперимент барысында бірқатар нәтижелерге қол жеткізілді. 1) Түсіну компоненті бойынша авторлық бағдарламалар тақырыптарының кілтті сөздері ұқсас болғанымен, қол жеткізілетін нәтижелер, ұсыныстар мен қолданылатын технологиялардағы айырмашылықтарды ғылыми тұрғыда негіздеу қажеттілігі айқындалды. Студенттердің әріптестерінің авторлық бағдарламаларына ашық болуы және сыни пікірлерді құрметпен қабылдауы түсіну деңгейінің артуына ықпал етті. Сонымен қатар, өзге авторлық бағдарламаларға деген құрметтің жоғарылауы біржақты көзқарастардың азаюына әкелді. Бұл үрдіс халықаралық дерекқорларды талдау, нормативтік құжаттар мен білім беру стандарттарына сәйкес авторлық бағдарламалар әзірлеу барысында айқын көрініс тапты. 2) Өзара түсіну компоненті бойынша білім алушылар арасында авторлық бағдарлама тақырыптарына сәйкес тиімді қарым-қатынас орнату және ортақ тіл табу

қабілеттері қалыптасты. Өзара түсіністікке қол жеткізу нәтижесінде студенттер өндірістік сұраныстарды ескере отырып, бір-бірінің мотивтері мен құндылықтарын педагогикалық практика барысында тереңірек түсіне бастады. Бұл білім алушылар мен практик педагогтер арасындағы өзара байланысты нығайтып, қақтығыстардың азаюына ықпал етті, әсіресе студенттердің мектеп тәжірибесі кезеңінде байқалды. 3) Ынтымақтастық компоненті бойынша бірлескен іс-әрекет ұйымдастырылып, авторлық бағдарламаны практик педагогтермен, әдіскерлермен және ғалымдармен бірлесе талқылау арқылы сенім мен қолдауға негізделген ынтымақтастық ортасы қалыптасты. Авторлық бағдарламаны әзірлеу үдерісінде жекелік жауапкершіліктен топтық, бірлескен жауапкершілікке көшу ынтымақтастықтың тиімді жүзеге асуына мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, түсіну, өзара түсіну және ынтымақтастық компоненттері негізінде авторлық бағдарламаны әзірлеу студенттер арасында толеранттылықты қалыптастыруға оң ықпал етті. Осыдан кейін зерттеу аясында сауалнама қайтадан жүргізілді (3-сурет).



3 сурет. Студенттерге жүргізілген сауалнаманың нәтижесі (Соңғы кезең)

Дереккөз: авторлардың зерттеу деректері негізінде құрастырылған

Сауалнаманың нәтижесінде «Өзектілік» өлшемі бойынша студенттердің 84%-ы «иә», 16%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Ғылыми-әдістемелік» деңгейі бойынша 75%-ы «иә», 25%-ы «жоқ» деп жауап берген. Ал, «Жаңашылдық» деңгейі бойынша 84%-ы «иә», 16%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Ғылымилық» өлшемі бойынша 79%-ы «иә», 21%-ы «жоқ» деп жауап берген. «Ішкі бірлікті бағалау және әдіснама» өлшемі бойынша 73%-ы «иә», 27%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Нәтижелер мен дәйектілік» деңгейі бойынша 63%-ы «иә», 37%-ы «жоқ» деп жауап берген. «Практикалық маңыздылық» өлшемі бойынша 66%-ы «иә», 34%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Аралық және қорытынды нәтижелер» өлшемі бойынша 62%-ы «иә», 38%-ы «жоқ» деп жауап берген. «Рәсімдеу» өлшемі бойынша 78%-ы «иә», 22%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Қорытындылар мен ұсыныстар» өлшемі бойынша 72%-ы «иә», 28%-ы «жоқ» деп жауап берген. Бұл сауалнаманың қорытындысы келесідей нәтижелерді анықтады: 1) Авторлық бағдарлама толеранттылықты қалыптастыруға ықпал етеді, себебі авторлық бағдарламаны жазу басқа зерттеушілердің ғылыми жарияланымдарына құрметпен қарауға және әріптестерінің жұмыстарына объективті түрде бағалауға бағытталған. 2) Толеранттылықтың түсіну компоненті авторлық бағдарламадағы қолданылған әдістер мен технологияларды білім алушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сәйкес таңдауға мүмкіндік береді, себебі нормативтік құжаттар мен стандарттар табысты тәсілдемелерге негізделген. 3)

Толеранттылықтың өзара түсіну компоненті авторлық бағдарламадағы субъектілердің өзара байланысын күшейтеді, себебі білім алушылар тақырыпты жаңа қырынан білуге, логикалық ойлауда жаңа жетістіктерге қол жеткізеді. 4) Толеранттылықтың ынтымақтастық компоненті авторлық бағдарламаны үнемі толықтырып, жаңартып отыруды қажет етеді, себебі білім алушылардың қызығушылықтарын арттырудағы жаңашылдық әрекеттер ынтымақтастық шеңберін ұлғайтады.

Біздің экспериментімізге қатысқан студенттердің толеранттылығын қалыптастыруда авторлық бағдарламаны әзірлеуге қойылатын өлшемдерді білім беру бағдарламасында берілген пәндердің аясында қарастырдық. Әрбір сабақта берілетін тақырыптар арасындағы байланысты толеранттылықты қалыптастырудың компоненттеріне (2-кесте) сәйкестендіріп жүргіздік (4-сурет).



4 сурет. Студенттерге жүргізілген бастапқы және соңғы эксперимент нәтижелері

Дереккөз: авторлардың зерттеу деректері негізінде құрастырылған

Болашақ педагогтердің толеранттылығын қалыптастыруда авторлық бағдарламаны әзірлеуге қойылатын өлшемдердің бастапқы кезең мен соңғы кезең араларындағы айырмашылықтарын салыстыру арқылы талданды. Студенттердің авторлық бағдарламаны әзірлеуде *толеранттылықтың түсіну компоненті бойынша* жұмыстың өзектілігі – 57%-ға, жұмыстың ғылыми-әдістемелігі – 52%-ға, жұмыстың жаңашылдығы – 46%-ға, жұмыстың ғылымилығы – 47%-ға, ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы – 42%-ға, жұмыстың әрбір нәтижесінің, ғылыми жағдайының, түйіндері мен қорытындыларының негізділігі мен дәйектілігі – 41%-ға, жұмыстың практикалық маңыздылығы – 42%-ға, жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсыну – 54%, ресімдеу талаптарына сәйкестігі – 26%-ға, жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар – 55%-ға түскендігі анықталды. Бұл студенттердің толеранттылығын қалыптастыруда авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша түсінуде келесідей нәтижелерді көрсетеді: болашақ педагогтер авторлық бағдарлама тақырыбындағы әртүрлі зерттеулерді, педагогикалық көзқарастарды, мәдени айырмашылықтарды, білім алушылардың жеке даралығын қабылдау; авторлық бағдарлама рефлексия практикасын, ғылыми-практикалық талқылауды, басқалардың ұстанымдарын және идеяларын дамытуға ықпал ететін педагогикалық жағдаяттарды талдау; авторлық бағдарламаның мамандыққа байланысты

ерекшелігін, педагогикалық процеске мақсатты түрде енгізу, оқытудың жаңашылдығын түсіну, авторлық бағдарламаны гуманистік психология (А. Маслоу, К. Роджерс, Г. Олпорт) және гумандық педагогика (Ш.А. Амонашвили) негіздемелерін, заманауи базалардағы ғылыми жарияланымдарды зерделеу, авторлық бағдарлама шығармашылық педагогтердің стратегиялық міндеттеріне сәйкес білім беру ортасын құру; авторлық бағдарлама тақырыбына сәйкес технологиялар мен әдістерді сәйкестендіру, білім алушылардың портфолиосын талдау, педагогикалық тәжірибелерді бақылау; авторлық бағдарламаның бағытына арналған әдістемелерді психологиялық-педагогикалық мазмұнын сәйкестендіру, басқа ғылымдармен байланыстыру.

Студенттердің авторлық бағдарламаны әзірлеуде *толеранттылықтың өзара түсіну компоненті бойынша* жұмыстың өзектілігі – 34%-ға, жұмыстың ғылыми-әдістемелігі – 26%-ға, жұмыстың жаңашылдығы – 17%-ға, жұмыстың ғылымилығы – 24%-ға, ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы – 18%-ға, жұмыстың әрбір нәтижесінің, ғылыми жағдайының, түйіндері мен қорытындыларының негізділігі мен дәйектілігі – 17%-ға, жұмыстың практикалық маңыздылығы – 21%-ға, жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсыну – 23%, ресімдеу талаптарына сәйкестігі – 11%-ға, жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар – 27%-ға көтерілгендігі анықталды. Бұл студенттердің толеранттылығын қалыптастыруда авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша өзара түсінуде келесідей нәтижелерді көрсетеді: болашақ педагогтер білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестерімен диалог құра білу, олардың құндылықтары мен ұстанымдарын құрметтеу, педагогикалық қақтығыстардың алдын алу, инклюзивті орта құру; авторлық бағдарламаға коммуникативтік тренингтер, пікірталас, диалогтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мен келіссөздер жүргізу қабілетіне ықпал ету, көп деңгейлі топтармен жұмыс ұйымдастыру; авторлық бағдарламаның ішкі мазмұнын ашатын тақырыптарды нақты педагогикалық жағдайларда жобалау, арнайы әзірленген тапсырмалар мен кейстерді педагогикалық жағдаяттарға біріктіру; диалог теориясы (М.М. Бахтин) және ынтымақтастық педагогикасы (В.Ф. Шаталов, С.Н. Лисенкова) негіздемелерін, халықаралық базалардағы ұлттық құндылықтарды ескеру; авторлық бағдарлама инноватор педагогтердің мәдениетаралық құзыреттілігін дамыту, ұлттық стратегияның міндеттерімен өзара байланыстыру; авторлық бағдарлама топтық іс-әрекетте білім алушылардың мінез-құлқын тәрбиелеу, жұмсақ дағдылар мен эмоцияларды дамыту; авторлық бағдарлама білім беру процесіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына мүмкіндік жасау.

Студенттердің авторлық бағдарламаны әзірлеуде *толеранттылықтың ынтымақтастық компоненті бойынша* жұмыстың өзектілігі – 23%-ға, жұмыстың ғылыми-әдістемелігі – 26%-ға, жұмыстың жаңашылдығы – 29%-ға, жұмыстың ғылымилығы – 23%-ға, ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы – 24%-ға, жұмыстың әрбір нәтижесінің, ғылыми жағдайының, түйіндері мен қорытындыларының негізділігі мен дәйектілігі – 24%-ға, жұмыстың практикалық маңыздылығы – 21%-ға, жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсыну – 31%, ресімдеу талаптарына сәйкестігі – 15%-ға, жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар – 28%-ға түскендігі анықталды.

Бұл студенттердің толеранттылығын қалыптастыруда авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша ынтымақтастықта келесідей нәтижелерді көрсетеді: командалық өзара іс-әрекет, қалыптасқан ынтымақтастық дағдыларды дамыту; авторлық бағдарлама болашақ педагогтердің жауапкершілікті болу, әріптестерін қолдау, бірлескен шешімдерді іздеу қабілетін дамыту, топтық жобалау; авторлық бағдарламаның стандартты тәжірибелерден айырмашылығы, ынтымақтастық сабақтарды ұйымдастыру; авторлық бағдарламаны іс-әрекетке деген көзқарас тұжырымдамаларына, топтық динамика саласындағы зерттеулерге негіздеу, мектептегі педагог-шебер санатындағы педагогтермен ынтымақтастық құру; авторлық бағдарлама мемлекеттік білім беру стандартының басымдықтарына және педагогикалық білім беруді жаңғырту бағдарламасына сәйкестендіру; авторлық бағдарлама топтық жобаларды бағалау, рефлексия журналы мен практикаға бағытталған модульдерді

сараптау; авторлық бағдарламаның кәсіби педагогикалық қауымдастықтарды қалыптастыру, мектепте пәнаралық жұмысқа дайындығын қамтамасыз ету.

**Қорытынды.** Сонымен, авторлық бағдарламаны болашақ педагогтердің толеранттылығын қалыптастырудың құралы ретінде келесідей қорытындылаймыз:

1) Студенттер авторлық бағдарламаны әзірлеу қажеттілігін түсінеді. Сараптамалық кеңес туралы ереженің талаптарын оқытушының көмектесуімен өзара түсінеді. Ал, мамандықтардың ерекшеліктеріне сәйкес авторлық бағдарламаны әзірлеу ынтымақтастықты қажет етеді.

2) Студенттер авторлық бағдарлама жазудың жоспарын құруды түсінеді. Жоспарланған авторлық бағдарламаның ішкі мазмұны бойынша оқытушымен диалог құруда өзара түсіністік орнайды. Ал, авторлық бағдарламаның ішкі тақырыптарын стандарттарға сәйкестендіруде ынтымақтастықты қажет етеді.

3) Студенттер авторлық бағдарламаны баспадан шығаруға әзірлеуді түсінеді. Оқытушының бағыттауымен авторлық бағдарламаны баспаханадан шығару өзара түсіністікте жүзеге асырылады. Ал, авторлық бағдарламаны тақырыбына сәйкестендіріп ғылыми жарияланымдарды жариялауда ынтымақтастық қажет болып табылады.

4) Студенттер авторлық бағдарламаны жүзеге асыру жолдарын түсінеді. Авторлық бағдарламаны тәжірибелік бөлімінде оқытушының қолдауымен өзара түсінеді. Ал, ақпараттық картаны толтыруда ынтымақтастық коммуникациясы қажет болып табылады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрық. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>

2 Педагог мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

3 Тоқаев Қ.К. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2024 жылғы 02 қыркүйек. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletiti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659>

4 Bondarenko N., Cherepania N., Malets D., Klepar M., Matveieva, N. Tolerance as an important aspect of the professional competence of future specialists // Amazonia Investiga. - 2023. – 12 (62). – P. 158-167. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://amazoniainvestiga.info/index.php/amazonia/article/view/2285>

5 Petryshyna O., Kosovych O., Tymkiv I. Fostering Professional Communication and Tolerance In Prospective Teachers Through Public Involvement // Advanced Education. – 2025. – Issue 26. - P. 101-121. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://ae.fl.kpi.ua/article/view/324769>

6 Stoykova Z. Social Interest and Stress Tolerance // Педагогика. – 2024. - 96(3). - P.356-362. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://www.cceol.com/search/article-detail?id=1234409>

7 Сараптамалық кеңес туралы ереже. 2020 жылғы 29 желтоқсан. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/6>

8 Сейдина М., Бекбаева Ж., Махамбетова Ж. Толеранттылық болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастырудың тәсілдемесі ретінде // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2025. – Т. 82. – №. 1. – С. 28-40. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/2543>

9 Сейдина М.З. Болашақ әлеуметтік педагогтардың толеранттылығын қалыптастыру: док. PhD. ... дис. – Астана, 2018. – 143 б. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1582007&simple=true&green=1#>

## REFERENCES

- 1 Pedagog lauazymdarynyn ylgilik biliktilik sipattamalaryn bekitu turaly. Qazaqstan Respublikasynyn Zany 2009 zhylygy 13 shildedegi №338 bujryk [On approval of Standard qualification characteristics of teachers' positions. Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated July 13, 2009 No. 338]. [Electronic resource]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750> [In Kazakh]
- 2 Pedagog martebesi turaly. Qazaqstan Respublikasynyn Zany 2019 zhylygy 27 zheltoksandagy № 293-VI QRZ. [On the status of a teacher. Law of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019 № 293-VI]. [Electronic resource]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293> [In Kazakh]
- 3 Tokaev Q.K. «Adilette Qazaqstan: zan men tartip, ekonomikalyk osim, kogamdyk optimizm» atty Qazaqstan halkyna Zholdauy. 2024 zhylygy 02 kyrkujek. [President Kassym-Jomart Tokayev's Address to the People of Kazakhstan: "Fair Kazakhstan: Law and Order, Economic Growth, Social Optimism". September 02, 2024]. [Electronic resource]. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adilette-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659> [In Kazakh]
- 4 Bondarenko, N., Cherepania, N., Malets, D., Klepar, M., Matveieva, N. (2023). Tolerance as an important aspect of the professional competence of future specialists. *Amazonia Investiga [Amazon Research]*, 12 (62), 158-167. [Electronic resource]. – URL: <https://amazoniainvestiga.info/index.php/amazonia/article/view/2285>
- 5 Petryshyna, O., Kosovych, O., Tymkiv, I. (2025). Fostering Professional Communication and Tolerance In Prospective Teachers Through Public Involvement. *Advanced Education*, 18(26), 101-121. [Electronic resource]. – URL: <https://ae.fl.kpi.ua/article/view/324769>
- 6 Stoykova, Z. (2024). Social Interest and Stress Tolerance. *Pedagogika [Pedagogy]*, 96(3), 356-362. [Electronic resource]. – URL: <https://www.ceeol.com/search/article-detail?id=1234409>
- 7 Saraptamalyk kenes turaly erezhe. 2020 zhylygy 29 zheltoksan [Regulations on the Expert Council. December 29, 2020]. [Electronic resource]. - URL: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/6> [In Kazakh]
- 8 Seidina, M., Bekbayeva, Ж., Makhambetova, Ж. (2025). Toleranttylyk bolashak pedagogterdin syni ojlaun kalyptastyrudyn tasildemeci retinde [Tolerance as an approach to the formation of critical thinking of future teachers]. *Journal of Educational Sciences*, 82(1), 28-40. [Electronic resource]. - URL: <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/2543> [In Kazakh]
- 9 Seidina, M. Z. (2018). Bolaşaq әлеуметтік педагогтардың толеранттылығын қалыптастыру [Forming the tolerance of future social educators]: dok. PhD. ... dis. – Astana, 130 p. [Electronic resource]. - URL: <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1582007&simple=true&green=1#> [In Kazakh]

Сейдина М.З.<sup>1</sup>, Сейдина Б.З.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет спорта

<sup>2</sup>Аркалыкский педагогический университет имени И. Алтынсарина

<sup>1</sup>Казахстан, Астана

<sup>2</sup>Казахстан, Аркалык

## АВТОРСКАЯ ПРОГРАММА КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ ТОЛЕРАНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

### Аннотация

В статье рассматривается актуальность разработки авторской программы и значение ее подготовки в соответствии с потребностями производства. Обоснована необходимость создания таких программ с учетом профессиональной направленности будущих педагогических кадров.

Авторы, опираясь на научные публикации, представленные в международных базах данных Web of Science и Scopus, классифицируют авторские программы по содержательным и методическим направлениям на четыре

группы: 1) Оригинальность (междисциплинарность); 2) Соответствие стандартам; 3) Практическая направленность; 4) Гибкость. На основе исследований зарубежных и отечественных ученых в области образования проводится анализ авторских программ, представленных на платформах Oxford University Press, Passport «Euromonitor International», Президентская библиотека имени Б.Н. Ельцина, Polpred, eLibrary, Google Scholar, Национальная академическая библиотека Республики Казахстан и Nauka.kz. Выявляются авторские программы, используемые в системе высшего образования, а также успешные и всемирно признанные примеры.

Критерии оценки авторской программы, предусмотренные «Положением о экспертном совете», соотносятся с компонентами толерантности. На основании этих критериев проводится анкетирование студентов 4 курса Аркалыкского педагогического университета имени Ы. Алтынсарина и университета имени Ж. Ташенева. В опросе участвуют 202 студента по специальностям «Педагогика и методика начального обучения», «Дошкольное образование» и «Психология». В целях решения выявленных в ходе анкетирования проблем механизмы разработки авторской программы будущими педагогами рассмотрены в соответствии с требованиями «Положения о экспертном совете», и были представлены соответствующие рекомендации.

*Ключевые слова:* толерантность, понимание, взаимопонимание, сотрудничество, авторская программа, инструмент, будущий педагог.

Seidina M.<sup>1</sup>, Seydina B.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>*Kazakh National University of Sports*

<sup>2</sup>*Arkalyk Pedagogical University named after I. Altynsarin*

<sup>1</sup>*Kazakhstan, Astana*

<sup>2</sup>*Kazakhstan, Arkalyk*

## THE AUTHOR'S PROGRAM IS USED AS A TOOL FOR FORMING TOLERANCE AMONG FUTURE TEACHERS

### *Annotation*

The article examines the relevance of developing an author's program and the importance of designing it in accordance with the demands of production. The necessity of creating such programs is substantiated, considering the professional orientation of future pedagogical personnel.

Based on scientific publications indexed in the international databases Web of Science and Scopus, the authors classify author's programs according to content and methodological directions into four groups: 1) Originality (interdisciplinary); 2) Compliance with standards; 3) Practical orientation; 4) Flexibility. The study analyzes educational research by foreign and domestic scholars using platforms such as Oxford University Press, Passport “Euromonitor International”, the Presidential Library named after B.N. Yeltsin, Polpred, eLibrary, Google Scholar, the National Academic Library of the Republic of Kazakhstan, and Nauka.kz. It categorizes authorial programs used in higher education systems as well as globally recognized successful examples.

The criteria for evaluating authorial programs, as outlined in the “Regulation on the Expert Council”, are linked with components of tolerance. Based on these criteria, a survey was conducted among fourth-year students at Y. Altynsarin Arkalyk Pedagogical University and Z. Tashenov University. A total of 202 students participated, representing the specialties of “Pedagogy and Methods of Primary Education”, “Preschool Education” and “Psychology.” In order to address the issues identified during the survey, mechanisms for developing an author's program by future teachers with the requirements of the “Regulation on the Expert Council”, and relevant recommendations were provided.

Keywords: tolerance, understanding, mutual understanding, cooperation, authorial program, tool, future teacher.

Редакцияға түсті: 25.09.2025

Рецензиялаудан кейін мақұлданды: 24.02.2026

Жариялауға қабылданды: 26.03.2026